



Әбілхан Қастеев - 120 жыл



*Бейнелеу
өнерінің
алтын
дiңгегі*

(1904-1973)






Виртуалды көрме-экспозиция

Тараз - 2024



Өнерлі жанның, таланты тағдырына айналса, есін білер-білмес бала кезінен-ақ ұшқынданып, қылаң береді. Әйгілі суретшілердің бәрінің алғашқы шығармашылығы топыраққа, қабырғаға, ақ қағазға түскен шимайдан басталды. Қазақстанның халық суретшісі, кескіндеме мен графика өнерінің қайнар бастауында тұрған Әбілхан Қастеевте ең алғашқы суреттерін тасқа қашап салған.

Құрметті оқырмандар, сіздердің назарларыңызға халқымыздың ұлы суретшісі, қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына орай әзірленген «Бейнелеу өнерінің алтын қиңгегі» атты виртуалды көрме-экспозицияны ұсынамыз.



Бала Әбілжан сегіз жасынан байлардың қой-қозысын бағады. Қой соңында жүрген бала бойындағы талантың ұшынымен қорым тастардың жылтыр бетіне аттың, тауешкінің, арқардың, бөкеннің суретін бейнелейді. Қой жайып жүріп, тас қашайды. Жұмсақ тастарды теріп, олардан сырға, сақина, моншақ, ұшықтың басын жасайды. Әбілжанның өрісте жүріп жасаған моншақтары мен түймелерінің ерекше әдемілігіне тамсанып, ауылдың қыз-келіншектері таласатын көрінеді. Кемпірлер де: «Сенің жасаған ұшықтың жеңіл әрі жылдам», деп риза болады екен.



Қазақтың кім екенін білгің келсе, Шәлшінің әндерін, Әбілханның суреттерін зертте.

*Ғабит Мүсірепов,
Қазақстанның Халық жазушысы*

Шын өнер - адамгершілікпен егіз. Әбілхан Қастеев өнерінің, талантының негізі де адамгершілік болмысынан бастау алды. Тұма талант, үлкенге іні, кішіге аға, жастарға ұстаз болған Әбілхан - өнеріміздегі ұлттық рухани мәдениетіміздегі ұлы тұлға.

*Әбубәкір Ысмайылов,
Қазақстанның Халық суретшісі*

Қастеев шығармаларын көріп, кең-байтақ Қазақстанды аралап шыққандай әсер алдым.

*Рокуэл Кент,
америкалық әйгілі суретші*

Бала суретшінің Жас таланты ауыл арасында танылып, абыройы арта береді. Қыз-келіншектер арнайы іздеп келіп, киім-кешектерінің жағасына, бет орнамалдарының шетіне, ерлігі орнамалдарға үлгінің суретін, ал сырмақ, текелетке ою сыздырып: «Жақсылап сызып бер», деп өтінетін болған. Ал мектепте оқып жүрген балалар дәптерлеріне сурет, өрнек сыздырады. Әбілжанның ауылдастарына қадірі артып, «суретші бала» атанады.

Оның сурет өнеріне деген құрметтілігін байқаған бір шірменші қария: «Сенен өрнек суретші шығады. Малабыңды қойтарма, ізде! Алматыға бар, одан әрі мүлкін Мәскеуге жолың тосар», деп ақыл айтады. Қарияның сөзі от боп жанған талантты қоздыра тосып, 1926 жылы қой бағуды қойып, оқуға бет бұрады.



*Әбілжанды бүкіл ауыл-аймақ
«көзінде айнасы бар бала»
деп айтатын...*

*Ә.Қасымов
1957*


85.103(5Қаз)я6 Әбілхан Қастеев [Мәтін] = Абылхан
Қ44 Кастеев = Abylkhan Kasteev: [альбом]. -
Алматы: Өнер, 2004. – 160 б.



Қазақстан Республикасының Халық суретшісі, Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақтың тұңғыш кәсіби сурет өнерінің негізін қалаушы Әбілхан Қастеевтің (1904-1973) туғанына 100 жыл толуына арналған альбом. Альбомда кемеңгер суретшінің ең озық шығармалары ұсынылып отыр.

Міне, тасқа қашап сурет салған қойшы баланың, биыл туғанына 120 жыл толып отырған шебер суретшінің, үлкен өнердегі алғашқы қадамы осылай өріліпті. Ғұмыры аңызға баланған суретшінің, түрлі-түсті бояу элементіне келген соң, да жылқызды сәттері, қилы оқиғалары, шынайы өмірмен жарысқан өнер жолындағы бұлтарыс-қалтарыстары да аз болған жоқ. Соның бірінде суретші 1926 жылы Жаркенттегі жол бөлімінде жұмыс істейді. Онда да қылқаламы алақұйын толқып, беті табақтай саудагерлерді, қалғып-мүлгіп отырған бақсы-балгерлерді сықақтан салған суреттері жұмысшылардың назарын аударады. Жаркенттің Саламатов деген фотографы жас суретшінің өнеріне қызығып, салған суреттерін Қызылорда қаласына, Халық азарту комиссариатына салып жібереді. Сөйтіп, беймәлім дарынның суреттері астанаға өзінен бұрын жеткен.





Дала мәдениетінің қайнарынан қанып ішкен Қастеев жұрт жүрегіне жақын тақырыптарды жырлап, уақыт тынысын, адамдардың жан дүниесінің дірілін, демін, ішкі ырғақтарын, көңіл күйін дәл бере білді. Қиялға құрық салып, қиянды шарлаған жоқ. Шығармашылығы халық өмірінің айна-қатесіз шежіресіне айналған шебер көзбен көріп, көңілге түйгенін ғана кенепке жайып салды.


Оның қаламынан шыққан ұлттық тақырыптағы туындылар дала тұрмысын қаз-қалпында жырлайды. «Қымызшылар», «Қымыз фермасы», «Қымыз ашытқан әйел», «Шопан», «Бие сауу», «Бүркітші», «Батыр», «Жайлаудағы табын» секілді картиналарға қарап отырып жерошағы бықсып, қазаны қайнаған қазақы ауылдың ортасына еніп кеткендей күй кешесіз. Суретші заманында «Қастеев ошақ басынан шықпайды» деп сын таққандарға «Ошақ басынан басталмаған өнерде жылылық болмайды» деп жауап қатыпты. Осы бір ұтқыр жауап жаныңды жылытпай көрсін.

85.143(5Қаз)лб Әбілхан Қастеев [Изоматериал] =
Қ44

Абылхан Кастеев = Abilkhan Kasteyev:
(репродукциялар альбомы) / [құраст.
Л.Г. Плахотная]. - Алматы: Жалын,
1978. - 156 б.

Қазақ КСР-нің халық суретшісі
Әбілхан Қастеевтің туындылары
Кеңес Одағында ғана емес,
шетелдерде де өткізілген көптеген
көрмелерде жалпыға бірдей
танымалдылыққа ие болды. Оның
жұмысы заманауи әлемге ену
тереңдігімен және орындау тәсілінің
өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді.

Альбомға суретшінің үздік
туындыларының репродукциялары
енгізілген.






Талантымен ерекшеленіп, өзіндік қолтаңбасымен әрқашан өз ортасынан оза шапқан суретші әйгілі Николай Гаврилович Хлудовтың шеберханасынан дәріс алғаны мәлім. Орысша білмейтін Әбілхан Хлудовпен түсінісу үшін аудармашы етіп, өзімен жатақханада тұратын Дәлденбаев пен Оразымбетовті ертіп алады. Хлудов Әбілханның ерек дарынын байқап, бар білгенін үйретіп, шын пейілімен шәкірт етті. Онымен қоштасарда бір қорап бояуы мен қылқаламын тарту етіп: «Менің арманым жоқ. Қазақтан суретші шықты. Аман болсаң, атақты суретші боларсың, тек сурет салуды тастама!» дейді.

85.143(5Қаз) Әбілхан аға [Мәтін]: жинақ /
Ә 20 құраст. Асылжанов Б. - Алматы:
Жалын, 2003. - 288 б.



Қазақстанның тұңғыш халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің мерейтойына арнап шығарылған бұл кітапта, оның өмірбаяндық деректері, ол жайында жазылған мақалалар мен естеліктер, көркем шығармалар топтастырылған

85.103(5Қаз)яб Әбілхан Қастеев [Текст] : альбом /
Қ44 құраст. Б. Барманқұлова. - Алматы:
Өнер, 1986. - 258 б.



Әбілхан Қастеев (1904-1973) – республиканың қазіргі бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР-нің халық суретшісі, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Суретші көптеген шығармаларында туған өлкенің кеңдігін, революцияға дейінгі және Социалистік Қазақстанның өмірін, революция қаһармандары мен мәдениет қайраткерлерінің бейнелерін асқан шынайылықпен және сүйіспеншілікпен бейнелейді.

Альбомда суретшінің ең жақсы жұмыстарының 180 түсті және ақ-қара репродукциялары бар. Альбомға қазақтың жетекші өнертанушы ғалымдарының Ә.Қастеев шығармашылығы туралы мақалалары, замандастарының естеліктері енген.

Кітап бейнелеу өнерін сүйетін қауымға, суретшілер мен өнертанушыларға арналған .


«Қазақтан суретші шықты» деген сөзді айтқызған Әбілхан Қастеевтің мол мұрасы - бүгінгі ұрпаққа олжа. Отбасылық мұрағатта суретшінің 400-ге жуық жұмысы бар. Портреттері, сызбалары, этюдтерінің көбі отбасылық қорда сақталған. Одан бөлек, туындыларының көп бөлігі Алматыдағы Өнер мұражайында тұр. Павлодардағы музейде де 15 шақты туындысы бар. Жаркенттегі Сурет галереясында да Қастеевтің біраз картиналары қойылған. Бүгінде Қастеевтің туындыларына шетелдіктер де көп қызығады. Яғни Қастеев - туындылары қымбатқа бағаланатын суретші. Мәселен, суретшінің 1965 жылы салған «Пейзаж» атты картинасы аукционда 413 мың долларға сатылғанын айтсақ та жетіп жатыр. Десек те шын өнердің бағасы шексіз емес пе!



85.101(5Қаз)лб Қазақстан Республикасының Ә.
Қ 18 Қастеев атындағы өнер музейі
[Изоиздание] = Государственный музей
искусств Республики Казахстан имени А.
Кастеева: фотоальбом - Алматы: Өнер,
2003. - 160 б.

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік
өнер музейі республикамыздағы бейнелеу
енері туындыларын жинақтаған қоры
болып саналады. Бұл альбомда 70 жылда
жинақталған айтулы туындылар мен
музейдің барлық бөліктері көрініс тапқан.
207 түрлі-түсті иллюстрациялар музей
қорынан молынан хабар береді.

Басылым арнаулы мамандар мен
көпшілік оқырман қауымға арналған.



Әбілхан Қастеев әлемдік бейнелеу өнеріне тек елден ерекше суреткер ретінде ғана емес, тұтас бір ұлттық бейнелеу өнерінің түп бастау тұлғасы ретінде танылып отыр. Ол мың жарым жыл қалтарыс жатқан қазақ бейнелеу өнерінің көпжанрлы кәсіби деңгейге көтерілуіне соның нәтижесінде жалпыадамзаттық руханияттың ажырамас бөлігіне айналуына айта қаларлықтай үлес қосты. Сол арқылы тек өзін ғана емес, елін де асқақтатты.

Ол - біздің де жыршымыз. Ол - біздің де тұбымыз. Ол - біздің де піріміз.


Әбіш Кекілбаев,
Қазақстанның Халық жазушысы

Ол тұлға бойымен нағыз халықтық суретші еді. Шығармашылық жолында табиғатқа ештеңе бермеген, табиғаттан ештеңе алмаған, тек өмірде бар нәрсені қаз-қалпында бейнелеуді мұрат тұтқан адам болатын.

Кәміл Муллашев,
суретші, өнертанушы




Зерттеуші ғалымдар қазақ халқының тарихын кітап ретінде жазып қалдырса, Ә.Қастеев халқымыздың еңбек өмірін, тың жерлерді игеруден бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихын айнадан көрсеткендей қылқаламымен айқын бейнелеп берді. Отанын, халқын жанындай сүйетін патриот суретшінің сарқылмайтын сан салалы тақырыбы - Советтік Қазақстанның өміріне арналған жылнама іспетті. Бүгінгі таңда Ә.Қастеев туындылары Қазақстанның көптеген ірі мұражайларында, сонымен қатар Ресей, Украина және Қырғызстанда, алыс және жақын шетелдердің жеке жинақтарында сақтаулы.





«Амангелді сарбаздары», 1970 жыл.



«Түрксіб», 1932 жыл.



«Бие сауу», 1935 жыл.



«Қымыз фермасы», 1967 жыл.



«Абайдың портреті», 1945 жыл.




«Шоқан Уәлихановтың портреті», 1951 жыл.



«Мақта жинау», 1936 жыл.



«Колхоздың сүт фермасы», 1936 жыл.



«Сатып алынған қалыңдық», 1938 жыл.



«Колхоз тойы», 1937 жыл.

Әбілхан Қастеев суретші ретінде өз халқымен бірге өсті, шындықты сипаттаудағы талант ерекшелігі сол өсуден шешімін тапты. Оның өмір шындығын шын мағынасында суреттей білуі, оқиғаны, табиғатты деректі дәлдікпен көрсете білу қасиеті, суретші шығармаларының негізгі ерекшелігі болып табылады.



*Виртуалды көрме
Тараз қаласы **ОККЖ** ақпараттық -
библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде
жасалды.*



[okkzh_taraz](#)



Тараз Қалалық Кітапханасы



<http://libr.e-taraz.kz/kk>